

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша
білім бөлімі Атбасар қаласының №7 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ педагог- психологтың
2023-2024 оқу жылына аналитикалық есебі.**

2023-2024 оқу жылында мектепшілік педагог психологтың жылдық жоспары құрылды. Жыл бойы психологиялық жұмыстар төмендегідей бес бағыт бойынша жүргізіледі.

1. Психодиагностика
2. Дамыту-түзету / коррекция/ жұмыстары
3. Психологиялық ағарту жұмыстары
4. Психологиялық кеңес беру
5. Әлеуметтік –диспечерлік қызмет

Осы оқу жылында 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диагностикалық жұмыстары алынады


Мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын бақылау.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысы оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

«Керн- Йирасек» әдістемесі бойынша

Берілген тапсырмалар; Ер адамның суретін салу, жазба әріптерін көшіріп жазу; берілген нүктелерді көшіріп салу.

Деңгейлері	1а		1ә		1б	
Жоғары деңгей	12	57%	12	54%	12	52%
Орташа деңгей	9	42%	10	45%	11	47%
Төмен деңгей	-	-	-	-	-	-



Мұғалімдерге кеңес:

- ✓ Жастайынан бастап логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға тырысыңыз. Ақыл ойды дамытатын бірнеше тапсырмалар берініз.
- ✓ Ешқашан балаға бұйрық беру арқылы оқытпаңыз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Баланың әрқайсымен дос ретінде қатынаста болыңыз, мүмкін сізден көмек керек шығар. Кейбір пәндерді менгеруге қиындық туып жүрсе көмектесініз. Ол сізге сенетіндей болсын.
- ✓ Баланы сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануы жөнінде ата анасына түсіндірініз. Үй тапсырмасы орындап, демалып компьютерге отыру уақыттарын белгілесін.

Ата аналарға кеңес:

- ✓ Баланыздың уақытылы ұйықтауға жатуын қадағаланыз.
- ✓ Мектеп туралы жаман айтпаңыз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылманыз. Бала Бала тапсырмаларға мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып қадағалайтыныңызды көрсін.
- ✓ Өзіңіз оқыңыз, бала ата анасының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінің білсін, көсін.
- ✓ Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретіңіз: онымен хат жазып алмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтінеміз ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып береміз.


5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі.

Мақсаты: 5-сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын, пәнге көзқарасын, мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде, психологиялық тұрғыдан жайлы жағдай жасауына мынадай диагностикалық жұмыстар өткізілді. Мектепке келу мотивациясын анықтауға, жаңа қосылған пәндерге оқушының көзқарасын, сыныптастарымен сынып жетекшісімен жанадан сыныпқа келген оқушылармен, пән мұғалімдерімен, қарым-қатынасын анықтау мақсатында оқушылармен психо диагностикалар өткізіліп тұрды (сауалнама, тренинг жаттығулары, әңгіме) және ата аналарға онлайн кеңестер берілді, оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін талқылап ұсыныс, ақпараттар беріліп отырылды. 5-сыныптардың оқушыларының бейімделуі жақсы сәтті өтті.


Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама Н.Г Лусканова бойынша

Денгейлері	5а		5ә	
Жоғары деңгей	6	35%	8	42%
Орташа деңгей	11	64%	11	57%
Төмен деңгей	-	-	-	-




Сонымен қатар қазан айында Филипстің мектептегі мазасыздық сауалнамасы алынды 5-7 сыныптар аралығында.

Сыныптар	Қалыпты жағдай		Орташа көрсеткіш	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
5a	9	47%	9	47%
5ә	11	55%	7	35%
6a	14	87%	0	0
6ә	13	68%	1	5%
6б	15	93%	0	0
7a	10	66%	1	6%
7ә	14	82%	0	0
7б	17	94%	1	5%





Өзін – өзі бағалау сауалнама алынды, оқушылардың өзін -өзі бағалауларын анықтау мақсатында жүргізілді.

Сыныптар	Жоғары		Орташа		Төмен	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
0а	9	52%	6	35%	1	5%
0ә	11	64%	5	29%	-	-
1а	13	56%	7	30%		
1ә	11	55%	7	35%	1	5%
1б	12	52%	7	30%	-	-
2а	7	46%	5	33%	-	-
2ә	8	44%	9	50%	-	-
2б	9	60%	4	26%	-	-
3а	10	55%	6	33%	1	5%
3ә	9	47%	9	47%	-	-
3б	12	57%	7	33%	-	-
4а	13	81%	2	12%	-	-
4ә	11	64%	6	35%	-	-
4б	8	61%	5	38%	-	-




1-сынып ата -аналар жиналысы болды. Оқушылардың 1-сыныпқа бйімделуіне кеңестер айтылды.




Сонымен қатар «Өмір қымбатсын маған» тренингі жүргізілді 7-9 сыныптар аралығында.






Сынып жетекшілерге буллинг және кибербуллинг туралы айтылды, буллинг туралы 7-8 сыныптарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Зорлық зобылықтын алдын алуға байланысты ұстаздарға шағын дәріс жүргізілді.



Түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде сынып оқушылар мен өзін-өзі бағалауына байланысты әр түрлі тренингтер, ойындар жүргізілді. Қажетіне қарай психологиялық кеңесте берілді.

Оқушылардың кәсіби бағытын зертеу жұмыстары жүргізілді. Кәсіби тандау туралы Дж. Холланд сауалнамасы алынды.

Бағыты	8а		8ә		8б		9а		9ә	
Реалистік тип	7	43%	17	94%	14	42%	7	30%	5	21%
Интеллектуалдық тип.	5	33%	4	0,4%	10	34%	8	34%	3	13%
Әлеуметтік тип.	22	98%	30	53%	24	83%	11	47%	21	91%
Конвенциялық тип	4	25%	12	13%	15	49%	9	39%	5	21%
Тапқыр тип	15	93%	23	23%	21	95%	17	73%	10	43%
Әртістік тип	16	94%	18	18%	16	54%	13	56%	6	26%



"Кәсіби өсу мектебі" бағдарламасы аясында. Білім беру ұйымдарының мамандары үшін эмоционалды күйзелудің алдын алу бойынша тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Қатысушыларды бірлесе жұмыс істеуге баулу, атмосфераны құру эмоционалды қауіпсіздік.





«Жетістікке жету өз қолында» атты тренинг жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзін - өзі анықтай алуына, алдына қойған мақсатына психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашу.



Кәсіби тандау туралы Е.А.Климов “ЖТБ” әдістемесі бойынша 10-11 сынып оқушыларына алынды, оқушылардың қызығушылығы бойынша мамандық тандау бағыттарын анықтау.

«Сенімділік күш береді» атты тренинг 9-11 сынып оқушыларымен жүргізілді қобалжу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. «Мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде кездесетін қиындықтарды жоюда психологиялық қолдау» тренинг 9-11 сынып оқушыларымен жүргізілді. Қиындықтарды жою жолдарын көрсету.

«Дос болайық бәріміз» тренинг 5-6 сынып оқушылары аралығында жүргізілді. Оқушылардың қарым - қатынасын жақсарту мақсатында.



«Мен ерекше қайталанбайтын тұлғамын» тренинг 6-сынып оқушылардың бойындағы ерекше қабілетін табу және дамыту.

«Қыз бала гигиенасы және ерте жүктіліктің алдыналу» дәріс 8-11 сынып аралығында қыз балалармен дәріс жүргізілді. «Менің көңіл-күйім» тренинг 7-8 сынып аралығында оқушылар арасында жағымды көңіл-күй орнату. «Менің өмірлік жолым» тренинг 9,11 сынып аралығында жүргізілді, оқушылардың бойында сенімділікті қалыптастыру мақсатында.




Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда «Мектеп пен отбасы серіктестер» баяндама 8-11 сынып аралығында жүргізілді.

«Достық және махаббат» тренинг 8-сынып оқушылары арасында жүргізілді, жыныстық тәрбие бойынша шынайы достық пен махаббаты ажырата білу. «Сәттілік серік болсын» тренинг сабақ 11-сынып аралығында жүргізілді, емтиханға дайындық кезіндегі педагогикалық психологиялық қолдау.



9,11- сынып оқушыларының мазасыздану деңгейлерін қалыпқа келтіру релаксациясы, оқушылардың бойындағы сенімділікті қалыптастыру.


«Мамандық тандаудағы ата ананың рөлі» 9,11- сынып ата- аналарына түсінік жұмыстары жүргізілді, бейіндік бағдар бойынша ата- аналарға жадынамалар тарату. «Эмоцияны қалай басқаруға болады» шағын дәріс 9,11- сынып оқушыларына эмоцияны басқару жолдары. «Эмтиханға қалай дайындалу қажет?» түлектерге жадынама 11- сынып оқушылармен жүргізілді, өздерінің мінез -құлқын, көңіл -күйін басқаруға дағдыландыру. «Зиянды заттар» шағын дәріс 6-11 сынып аралығында жүргізілді. АИТВ қалай жұқтыру мүмкінекені туралы аңыздармен шындықтар шағын дәріс 8-11 сынып аралығында



жүргізілді.

Мектепке дайындық диагностикасын мектеп алды даярлық тобынан алынды Керне Йирасека әдістемесі бойынша, мектеп алды даярлық тәрбиеленушілерінің мектепке, оқуға дайындық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді.

Деңгейлері	0а		0ә	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
Жоғары деңгей	10	50%	8	65%
Орташа деңгей	8	42%	2	38%
Төмен деңгей	2	4%	3	5%



Қорытынды: жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асып келеді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылады. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

Мектеп директоры:

Педагог-психолог:



Алкенова А.Н

Шахметова А.Н